

## Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының және биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының қызметтерін лицензиялау тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 29 қыркүйек N 152. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда тіркелді. Тіркеу N 390. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

*Ескерту: Қаулының атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 415 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
қ а у л ы е т е д і :

1.      Ұ с и н ы л ы п      о т ы р ғ а н :

- Қор биржаларының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ереже;
- Биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ереже.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 415 қаулысымен .*

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1995 жылғы 27 маусымдағы N 8 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногындағы биржалық қызметті лицензиялау туралы ереженің" және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 22 маусымдағы N 108 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

3. Мыналарды жүзеге асыруға қажетті өз капиталының ең төменгі жеткілікті деңгейі БҚҰК құжаттарды тапсыру күніне:

кор биржасының қызметін - кемінде 50 000 есепті көрсеткіш;  
биржадан тыс баға кесу ұйымының қызметін - 15 000 есепті көрсеткіш болып б е л г і л е н с і н .

4. Лицензиясы бар кор биржалары 1998 жылдың 1 қантарына дейінгі мерзімде өз капиталының жеткілікті деңгейін және бағалы қағаздар рыногындағы олардың қызметін айқындастын құжаттарын осы Қаулыға және қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендірсін .

5. Рынокты реттеу басқармасы осы Ережені тіркеу үшін үш күн мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

6. Осы Ереженің орындалысина бақылау жасау Рынокты реттеу басқармасына және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның жетекшілік ететін мүшесіне жүктелсін.

**ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ**

**Тәрағасы**

Қазақстан

Республикасының

Бағалы

қағаздар

жөніндегі

Ұлттық

комиссияның

1997

жылғы

29

қыркүйекте

N 152

қаулысымен

бекітілді

Қазақстан

Республикасындағы

қор

биржаларының

қызметін

лицензиялаудың

тәртібі

туралы

**ЕРЕЖЕ**

Қор биржаларының қызметін лицензиялау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - БҚҰК) Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздаррыногындағы қор биржаларының қызметін лицензиялауының, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталысина бақылау жасауды жүзеге асыруының тәртібін және шарттарын белгілейді.

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) "Бағалы қағаздаррыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 көкектегі "Лицензиялау туралы" Заң күші бар N 2200 Жарлығының негізінде әзірленді.

2. Қор биржаларының қызметін лицензиялауды лицензия алған қор биржаларының бірынғай тізілімін жүргізетін БҚҰК жүзеге асырады. Аталған тізілімге лицензияны берудің, тоқтата тұрудың және қайтарып алушың барлық фактілері туралы мәліметтер енгізіледі.

3. Қор биржаларының қызметтерін жүзеге асыруларына лицензия (бұдан әрі - лицензия) тұрақты болып табылады.

4. Лицензия алуға арналған біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

5. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, күшіне енгізілген халықаралық келісімдері бар басқа да мемлекеттердің аумағында қолданылады.

## **II. Лицензияны берудің шарттары**

6. Лицензия алуға үміткер занды тұлға мынадай талаптар қойылады:

6.1. Өтінушінің штатында БҚҰК берген, қолданылып жүрген біліктілік куәліктерін иеленген, оның ішінде бірінші санатты (бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығымен) кемінде үш және екінші санатты (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді орындау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығымен) кемінде екі маман болуы керек.<\*>

Мамандардың мынадай санаттары қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіpte міндетті аттестациялауға жатады:

а) атқарушы директорлар (басқарушы және оның орынбасарлары);  
б) бағалы қағаздармен мәмілелер жасауды және орталық депозитариймен және есеп айырысу жүйесімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін бөлімшелердің басшылары;

в) бағалы қағаздармен мәмілелер жасауды қамтамасыз ететін мамандар.

**ЕСКЕРТУ. 6.1-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 қаулысымен .**

6.2. Қызметін жүзеге асыру кезінде лицензиаттың өз капиталының жеткілікті деңгейі БҚҰК белгілеген талаптарға сәйкес болу керек.

6.3. Өтінушіде Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес ережелер әзірлену керек.

6.4. Ақпараттар ағымына және құжаттар айналысына, есепке алуды және есеп беруді жүргізуге ішкі бақылау жасаудың бекітілген жүйесі болу керек.

6.5. Қор биржасы қызметінің тиісті түрде жүзеге асырылуы қамтамасыз етілетін үй-жай және бағдарламалық-техникалық құралдар болу керек.

## **III. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

7. Лицензия алу үшін БҚҰК мынадай құжаттар ұсынылуы қажет:

а) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген үлгі бойынша өтініш;  
б) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
в) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса, тігілген және нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері;  
г) өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылдындағы және лицензия алу үшін БҚҰК-ға құжаттар ұсыну алдындағы тоқсандағы, өтінушінің бірінші басшысы (өтінушінің алқалы атқарушы органдың басшысы немесе өтінушінің алқалы атқарушы органдың функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және бас бухгалтері қол қойған және оның мөрінің таңбасымен расталған қаржылық есеп берушілігін және өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылдындағы қаржылық есеп берушілігіне аудиторлық есепті;<\*>  
д) қолданылып жүрген зандарға сәйкес өз капиталының есебін және

- жарғылық қорды құруды растайтын қаржылық құжаттарды;
- е) 6.3, 6.4-тармақтардың талаптарына сәйкес, тігілген және өтінушінің лауазымды тұлғасы қол қойған, қор биржасының қызметін реттейтін құжаттар (екінші мемлекеттерге дана);
- ж) 6.1-тармақтың тізбесіне сәйкес мамандардың біліктілік күеліктерінің көшірмелері;
- з) өтінушінің біліктілік күеліктері бар мамандарының еңбек кітапшаларының (олар бар болса) көшірмелері немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін ;<\*>
- и) үй-жайлар және пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдар туралы мәліметтер;
- к) лицензиялық алымды төленгендігі туралы төлем тапсырысының көшірмесі.

*Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 62 қаулысымен, 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 106 қаулысымен.*

8. Өтінуші өзінің қызметі туралы ақпаратты қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жария етуге міндетті.

9. Лицензиаттың жоғарыда аталған барлық құжаттарға қол қойған лауазымды тұлғасына ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің анық еместігі үшін заңмен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

#### **IV. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімдері**

10. Құжаттар БҚҰК ұсынылған күннен бастап 30 күн ішінде қаралады.

#### **V. Лицензия бергендік үшін алым**

11. Лицензиялық алымның мөлшерін және оны төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

#### **VI. Лицензияны беруден бас тарту**

1 2 . Е г е р :

занактілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға актілерімен тыбым салынса;

- осы Ереженің 3-бабына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылmasa. Өтінуші аталған кедергілердің жойғанда өтініш жалпы негіздерде қаралады;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензия бергендік үшін алым төлеңбесе;

- өтінуші қолданылып жүрген заңдармен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

- өтінушіге қатысты, оған қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салатын соттың шешімі болса, лицензия беріlmейді.

13. Лицензия беруден бас тартқан кезде өтінушіге жазбаша түрде лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелді жауап береді.

14. Лицензия берудің мерзімдері бұзылса немесе лицензия беруден бас тартылса өтінуші бір ай мерзімде БҚҰК әрекеті жөнінде сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

## VII. Лицензия беру

15. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген зандардың және осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, лицензия беріледі. Лицензия бекітілген үлгі бойынша ресімделеді. Өтінушінің ішкі ережелеріне лицензиялаушы органның штампы қойылады. Аталған ережелердің бір данасы өтінушіге қайтарылады. Екінші данасы лицензиялаушы органда сақталады.

16. Лицензия басшыға немесе лицензиаттың уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде) беріледі.

## VIII. Лицензияны қолдануды тоқтату

### 17. Лицензия:

а) лицензияны қайтарып алған;

б) лицензия берілген занды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда өзінің күшін тоқтатады.

18. Лицензияны қолдануды тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

## IX. Лицензияны қайтарып алу және оны қолдануды тоқтата тұру

### 19. Лицензия:

а) лицензиядағы талаптарды лицензиат орындамаған;

б) лицензияны қолдануды тоқтата тұру себептері жойылмаған;

в) лицензиатқа оның иеленген лицензия бойынша жүзеге асыратын қызметтің түрімен шүғылдануына сот тыйым салған жағдайларда қайтарылып алынуы мүмкін.

### 20. Лицензияны қолдану:

а) лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарда анық емес ақпараттар анықталған ;

б) осы Ереженің 29 және 30-тармақтарының талаптары бұзылған;

в) өз капиталының жеткілікті деңгейі БҚҰК белгілеген талаптарға сәйкес келмеген ;

г) лицензия берілген сәттен бастап бір жыл ішінде, онда көрсетілген қызмет жүзеге асырылмаған ;

д) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздаррынды туралы зандары бұзылған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

Лицензиаттың лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы жазбаша

ескертпені алғаннан кейінгі қызметі заңсыз болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке соғады.

21. Лицензиар тоқтата тұру себептерін көрсете отырып лицензияны қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

22. Лицензияны қолдану тоқтата тұрылған жағдайда лицензиат анықталған заң бұзушылықтарды жоюға міндettі. Одан кейін лицензияны қолдану БҚҰК жазбаша ескертпесі бойынша жаңаруы мүмкін.

23. Лицензия қайтарылып алынған жағдайда, лицензиат ресми жазбаша ескертпе алған сәттен бастап он құн ішінде лицензияны БҚҰК қайтару керек.

24. БҚҰК лицензияны қайтарып алу немесе қолдануды тоқтата тұру туралы шешімі жөнінде сот тәртібімен шағымдануға болады.

#### **Х. Лицензиялық ережелердің сақталысына бақылау жасау**

25. Лицензиялық ережелердің сақталысына бақылау жасауға:

а) лицензиаттардың қызметіне және қызметтерінің ішкі ережелеріне олардың қолданылып жүрген заңдармен қызметтің осы түріне қойылатын талаптарға сәйкестілігін тексеру ;

б) лицензияда көрсетілген талаптарға лицензиаттың қызметінің сәйкестілігін тексеру ;

в) есепке алудың, есеп берудің және ұсынылатын талаптарға бақылау жасаудың жайын тексеру кіреді.

26. Бақылау жасауды мерзімділік және лицензиаттарды тексерістермен қамту көзделетін бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары бойынша БҚҰК жүзеге асырады.

27. Қолданылып жүрген заңды лицензиаттың бұзғандығы туралы ақпараттар келіп түсken жағдайда жоспардан тыс тексерістер жүргізуі мүмкін.

28. Тексерістердің нәтижелері актімен ресімделеді.

29. Лицензияттар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарымен белгіленген тәртіpte БҚҰК есептер беру, сондай-ақ осы Ереженің 7, 8-тармақтарына сәйкес лицензиялауға ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы он құндік мерзімде БҚҰК жазбаша нысанда ескерту керек.

30. БҚҰК талап етуі бойынша лицензиаттар лицензияда көрсетілген қызмет туралы барлық қажетті ақпаратты сұрауды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беруге міндettі. Айрықша жағдайларда БҚҰК ақпараттар берудің мерзімін ұзатуға құқылы .

БҚҰК әрекеті жөнінде сот тәртібімен шағым жасауға лицензиаттың құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК